

**Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы
(2006 жылғы 1 желтоқсандағы)**

2006 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 78 филиалы мен 77 өкілдігі бар. Алматы қаласында 11 қор және Қарағанды қаласында 1 қор («Валют-Транзит Фонд» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ), Жезқазған қаласында 1 қор («Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, корпоративті) және Ақтөбе қаласында 1 қор («МұнайГаз-Дем» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ) бар.

Занды тұлғаларға 2006 жылғы қараша айында зейнетақы жарналарын тарту бойынша және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметке лицензия берілмеді.

12 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, оның ішінде 5 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Капитал» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк ЖЗҚ-на кастодиандық қызмет көрсетеді: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «ЦентрКредит Банкі» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, «АТФ Банкі» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны қараша айында 82 238 (0,98%-ға) ұлғайып, 2006 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 8 483 608 болды. Ағымдағы жылдың қаңтар-қараша айларында салымшылардың (алушылардың) дербес міндетті зейнетақы шоттарының саны 870 239 немесе 11,43% -ға өсті.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны 5 қорларда болды: «МЖЗҚ» – 28,04%, «Қазақстан Халық Банкі» – 19,83%, «ҰларҮміт» – 15,14%, «Валют-Транзит Қор» - 8,64% және «БТА Қазақстан» – 8,20% немесе олардың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 79,85% келеді. Ағымдағы жылдың бірінші қарашасымен салыстырғанда 5 қордың үлесі 0,09 пайыздық пункттерге төмендеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны осы ағымдағы жылдың қараша айында 45 (0,14%) өсті, 2006 жылғы 1 желтоқсанда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 591,8 млн. теңгені құрап 33 048 болды. Ағымдағы жылдың қаңтар-қараша айларында салымшылардың (алушылардың) дербес ерікті зейнетақы шоттарының саны 712 немесе 2,20%-ға өсті.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары бәр қорларда болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: «Сенім» – 58,58%, «ҰларҮміт»- 18,19% және «Капитал» – 14,37% немесе осы үш қордың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 91,14% келді.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары «ҰларҮміт» және «Қазақстан Халық банкі» қорында болды. Салымшылардың жалпы саны ағымдағы жылдың 1-желтоқсанда 3 737 құрады, салымшысының дербес зейнетақы шотында 31,2 млн.теңге болды. Ағымдағы жылдың қаңтар-қараша айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 440 (13,35%) ұлғайды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.12.05ж.	01.12.06ж.	Өсім	Өсу қарқыны (%-бен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша взносам	7 528 281	8 483 608	955 327	12,69

ерікті зейнетақы жарналары бойынша	32 173	33 048	875	2,72
ерікті кәсіби зейнетақы	3 288	3 737	449	13,66

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты қараша айында 18,6 млрд. теңгеге (2,20%) көбейіп, 2006 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 862,7 млрд. теңге немесе 9,89% ЖІӨ¹-ге теңге болды. Ағымдағы жылдың аяқталған 11 айда салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты сомасы 214,1 млрд. теңгеге (33,01%-ға) өсті немесе өткен 2005 жылғы жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінен 49,5 млрд.теңгеге көп.

Орташа айлық өсімде жинақталған зейнетақы қаражаты 2005 жылы 13,7 млрд.теңге сомасында 2006 жылғы қаңтар-қараша айында 19,5 млрд.теңгені құрады.

Жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінің қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:


Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсімі	(млрд.теңге)
			Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-бен)
01.12.2002	257,9	84,1	48,39
01.12.2003	356,0	98,1	38,04
01.12.2004	466,4	110,4	31,01
01.12.2005	626,4	160,0	34,31
01.12.2006	862,7	236,3	37,72

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсімі кезінде олардың өсу қарқынының 2002-2004 жылдары төмендеуі байқалды. Бірақ 2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 2004 жылғы 1 желтоқсанмен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны 3,30 пайыздық тармаққа ұлғайды және 2006 жылғы 1 желтоқсанда 2005жылғы 1 желтоқсанмен салыстырғанда 3,41 пайыздық тармаққа ұлғайды.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: «Қазақстан Халық банкі» – 27,10%, «МЖЗҚ» – 17,73%, «ҰларҮміт» – 17,64%, «БТА Қазақстан» – 9,28% және «ГРАНТУМ» - 6,65% жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасынан. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақының жалпы сомасының 78,40% келді немесе ағымдағы жылдың 1 қарашасымен салыстырғында үлесі 0,08 пайыздық тармаққа өскен.

2006 жылғы 1 желтоқсандағы жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы

¹ 2006 жылдың бағалауы Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген **таза инвестициялық кіріс** сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2006 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 46,10%-ға өсіп 2006 жылдың 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 226,6 млрд. теңге болды. Ағымдағы жылдың қараша айы бойынша «таза» инвестициялық кіріс сомасы 3,2 млрд.теңгеге немесе 1,43%-ға төмендеді.

Ағымдағы жылдың қаңтар-қараша айларында салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына енгізілген «таза» инвестициялық кіріс сомасы 71,5 млрд.теңгені құрады немесе өткен 2005 жылда (40,4 млрд.теңге) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына енгізілген «таза» инвестициялық кіріс сомасынан 31,1 млрд.теңгеге көп болғанын атап өту қажет.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-бен)	(млрд. теңгемен)
				Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-бен)
01.12.2002	73,6	27,0	57,94	28,54
01.12.2003	95,8	22,2	30,16	26,91
01.12.2004	109,3	13,5	14,09	23,43
01.12.2005	148,3	39,0	35,68	23,67
01.12.2006	226,6	78,3	52,80	26,27


Көрсетілген кестеде «таза» инвестициялық кірістің көлемі 2005 жылғы 1 желтоқсаннан бастап өсу қарқыны ұлғайғаны байқалады. Бірақ, 2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша таза инвестициялық кірістің өсім қарқыны 2004 жылдың 1 желтоқсанмен салыстырғанда 21,59 пайыздық тармаққа ұлғайды және 2005 жылғы сәйкес мерзіммен салыстырғанда 2006 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 17,12 пайыздық тармаққа ұлғайды.

2004 жылы 1,3 млрд.теңгеге орташа айлық «таза» инвестициялық кіріс сомасының ұлғайуы бойынша 2005 жылы - 3,4 млрд.теңге, ағымдағы жылдың қаңтар-қараша айы бойынша 6,5 млрд.теңгені құрағанын атап өту қажет.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2006 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 26,27%, ағымдағы жылдың қаңтар-қараша айы бойынша 2,35 пайыздық тармаққа ұлғайды.

Қараша айында жалпы зейнетақы жарналарының түсуі 16,3 млрд. теңгеге (2,51%), өсіп, 2006 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 665,2 млрд. теңге немесе ЖІӨ¹ қатысты 7,62% болды. Ағымдағы жылдың қаңтар-қараша айы бойынша салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 152,8 млрд. теңге сомасында зейнетақы жарналары түсті немесе өткен 2005 жылда салымшылар (алушылардың) зейнетақы шоттарына түскен зейнетақы жарналарына (132,4 млрд.теңге) қарағанда 20,4 млрд.теңгеге (29,82%) көп.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)



2006 жылғы 1 қаңтарда 33,3%-ға өсіп, 2006 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 5,2 млрд. теңге болатын, міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын өсімпұл сомасы өсуде. Ағымдағы жылдың қаңтар-қараша айында салымшылар (алушылар) шоттарында өсімпұл 1,3 млрд.теңге сомасында енгізілген.

Зейнетақы төлемдері және сақтандыру ұйымдарға аударымдары қаңтар-қарашада 11 225 млн.теңгеге (31,37%), өсіп, 2006 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 47 009,3 млн. теңге болды, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдер –46 764,6 млн.теңге, ерікті зейнетақы жарналары есебінен – 137,4 млн.теңге, ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен – 0,4 млн.теңге болды және жалпы сомасы – 106,9 млн.теңге жинақталған зейнетақы қаражаттары зейнетақы аннуитет шарты бойынша сақтандыру ұйымдарына аударылды.


Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдаланды, нәтижесінде жинақталған зейнетақы қаражаттар аударымы қаңтар-қарашада 34,5 млрд.теңгеге (35,79%), өсіп, 2006 жылғы 1 желтоқсанда 130,9 млрд. теңге болды.

Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың барынша көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 42,41%, «ҰларҮміт» - 14,04%, «Қазақстан Халық Банкі» - 11,11%, "Валют-Транзит Фонд" – 7,41%, «БТА Қазақстан» - 6,52% «ГРАНТУМ» - 6,02% және немесе осы 6 қорға аударымдардың жалпы сомасының 87,51% келеді.

Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2006 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2006 жылғы қарашада 18 884 млн. теңгеге немесе 2,24%-ға өсіп 863 363 млн. теңге болды.

2005 жылғы 1 желтоқсан және 2006 жылғы желтоқсан аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 19,6 млрд. теңге болды.



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ	Зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен
ЖЗҚ		
1	2	3
"Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	233 909	27,09
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	153 192	17,74
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	151 967	17,60
«ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	151 967	17,60
"БТА Қазақстан" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	80 226	9,29
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	70 976	8,23
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	3 695	0,43
"МұнайГаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	20 470	2,37
СЕНІМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	34 396	3,99
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	12 415	1,44
«GRANTUM Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ АО	57 435	6,65

АО "ООИУПА "GRANTUM Asset Management"		
«Грантум» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	57 435	6,65
"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ	36 954	4,28
"Валют-Транзит Қоры" жинақтаушы зейнетақы" АҚ	36 954	4,28
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	21 971	2,55
"Атамекең" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	21 971	2,55
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	19 516	2,26
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	18 628	2,16
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	18 628	2,16
"Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	18 589	2,15
Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ	863 363	100,00

2006 жылғы желтоқсанда 16 771 млн. теңгеге немесе 2,00%-ға төмендеп, 2006 жылғы 1 қарашада инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 853 619 млн. теңге болды.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.10.2006ж.	
	млн. теңге	%-бен
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	200 754	23,52
ҚР еврооблигациялары	1 850	0,22
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	182 526	21,38
Ұлттық Банктің ноттары	16 378	1,92
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0	0,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	81 661	9,56
акциялар	877	0,10
облигациялар	80 784	9,46
Шетел инвестициялық қорлардың пайлары	56	0,01
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0	0,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	182	0,02
Тазартылған алтын	9 228	1,08
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	427 353	50,07

акциялар	176 856	20,72
облигациялар, оның ішінде	250 497	29,35
АҚШ долларына номинирленген	1 783	29,02
теңгеге номинирленген	247 683	0,21
Екінші деңгейдегі банктердің салымдары	134 385	15,74
жиынтығы:	853 619	100,00

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2006 жылғы 1 қарашамен салыстырғанда 10 880млн. теңгеге немесе 5,73%-ға ұлғайып, 2006 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен 200 754 млн.теңге немесе 23,52% болды. Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемінің өсуі 2006 жылғы қарашада 763 млн. теңге немесе 0,18% болды. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі 4 124 млн.теңгеге немесе 3,17%-ға ұлғайып 134 385 млн. теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымдарын екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада орналастыратынын атап өткен жөн.

2006 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары жоқ. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2006 жылы қарашада 569 млн.теңге 75,77%-ға) азайып, 182 млн. теңге (0,02%) болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 9,56% болды, бұл алдыңғы есепті кезеңіндегі ұқсас көрсеткіштен 0,07 пайыздық тармаққа көп.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2003 жылғы қарашадан – 2006 жылғы қарашадағы кезеңде қорлардың зейнетақы активтері бойынша 2006 жылғы 1 желтоқсандағы номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті 23,45%. болды.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мағыналары туралы ақпарат [www. afn.kz](http://www.afn.kz). Web-сайтында орналастырылған.

Қорлардың қаржылық жағдайы

Ағымдағы жылдың өткен кезеңінде қорлардың қаржылық жағдайы мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

	(млн.теңгеде)		
	01.01.06ж.	01.12.06ж.	Өсім (%-бен)
Жарғылық капитал	6 198,9	8 501,0	37,14
Қалыптасқан резерв капиталы	1 436,9	1 706,2	18,74
Есептік кезеңнің бөлінбеген кірісі (шығысы)	3 608,8 (за 2005 год)	7 952,5	в 2,2 раза

Меншік капитал барлығы	11 638,6	21 724,5	в 1,9 раза
Міндеттемелер	669,4	838,3	25,23
Активтердің барлығы	12 308,0	22 562,8	в 1,8 раза
Қаржылық инвестициялар	8 623,2	16 070,7	в 1,9 раза

Берілген кестеде қорлардың жиынтық меншік капиталы ағымдағы жылдың қаңтар-қыркүйекте 10 085,9 млн. теңгеге өсіп 2006 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 21 724,5 млн. теңге болып, оның ішінде жиынтықты төленген жарғылық капитал 8 501,0 млн. теңге немесе меншікті капитал көлемі 39,13% болғаны көрінеді.

Ағымдағы жылғы қаңтар-қарашада барлық қорлар, «Д.А. Қонаев атындағы» қордан басқа (шығын - 24,4 млн.теңге) және «Валют-Транзит Қор» (шығын- 79,8 млн.теңге) қорлардан басқа жалпы сомасы 7 952,5 млн.теңгеге таза кіріс алды (салық салығын төлегеннен кейін), соның ішінде таза кірістің ең көп сомасы мына қорларда болды: «БТА Қазақстан» - 40,33%, «Қазақстан Халық Банкі» - 30,02%, «МЖЗҚ» - 14,05% және «ҰларҮміт» - - 6,38% немесе осы үш қор қорлардың жалпы таза кіріс сомасының 90,78% болды.